

Біріншіден, бүкіл мәтіннің мазмұны өзіне енетін абзацтардың мазмұнын біріктіреді; екіншіден, оларды бір бүтін мәтінге біріктіретін негізгі критерий ретінде тақырыптық критерий қызмет етеді. Мәтіннің ішкі құрылымына байланысты зерттеулер бүкіл мәтінде бейнелеу, хабарлау, ойлау жалпылығымен ұйымдастырылған қандай да бір объективті лексикалық ядроның барлығын көрсетеді. Мәтін де таңбаға тән белгілерге ие» - деген қорытындыға келеді [2, 26-27бб].

1. Күдеринаова Қ.Б. Бірге, бөлек таңбаланатын сөздің орфограммасы және оларды кодификациялаудың негіздері. – А., 2000. – 147б.

2. Жұбанов А.К. Основные принципы формализации содержания казахского текста // Дисс. докт. фил. наук. – А., 2002. – 310с.

3. Оразов М. Қазақ тілінің семантикасы. Алматы: «Рауан», 1991. 216б.

4. Тарази Ә., Мұсалы Л. Көркемдік құпиясы. – Алматы: Санат, 2000 – 240б.

* * *

В статье когнитивистика рассматривается как образ мира, соотношение языка, познания и языкового направления.

* * *

In article cognitive the science is considered as an image of the world, a parity of language, knowledge and a language pair.

Д. Турсынбаева

АББРЕВИАТУРАЛАР – АДАМНЫҢ МЕНТАЛДЫ ҚЫЗМЕТІНІҢ НӘТИЖЕСІ

Қазіргі кезде адамның менталды қызметін зерттеу әртүрлі саладағы ғалымдардың (психологтар, лингвистер және т.б.) көңілін аударып отыр. Сол себептен, қазіргі лингвистика «когнитивті революция» деп аталатын кезеңін басынан өткеріп отыр. Когнитивті лингвистика когнитивизм аясында пайда болып, өткен ғасырдың 80-ші жылдары ресми түрде мойындалды. Когнитивизм – зерттеу нысаны адам ақылы, ойлау және бұлармен байланысты менталды үдерістер мен күйлер болып табылатын ғылым бағыты. Ондағы лингвистикалық зерттеудің орталығында адами білімнің құрылуы, сақталуы және тасымалдануы, танымдық үдерістер және адамдардың өз қызметі үдерісінде қоршаған ортаны қабылдауы зерттеледі. Лингвистер өздерінің зерттеулерінде тіл мен ойлау байланысын жариялаудан, олардың өзара әрекетінің формаларын зерттеуге өтеді.

Белгілі американдық лингвист Н. Хомскийдің айтуы бойынша: «Когнитивті революция ақыл-ой/ми күйлеріне жатады, және сонымен қатар адам мінез-құлығын айқындайды, әсіресе когнитивті күйлеріне: білім, түсінік, интерпретация, наным-сенім және т.б. күйлеріне».

Білім және ақпаратпен байланысты үдерістер «когнитивті» немесе «когниция» деп аталады. Сонымен қатар олардың синонимі «интеллектуалды», «менталды», «ақыл-парасат» сөздері болып табылады [1, 20 б.].

Философиялық энциклопедияда ағылшын термині «когниция» – «білім, таным». Н.Н. Болдыревтың пайымдауынша, «таным» терминіне қарағанда, «когниция» терминінің өзі танымдық үдерістерді білдіреді, – білім алу үдерістері және осы үдеріс нәтижелері (Болдырев, 2001, 9 б.). Бүгінде когницияға адами рухты құраушылар (білім, сана, таным, ойлау, шығармашылық, жоспар жасау, ойлану, логикалық тұжырым, проблемаларды шешу, қиялдар, армандар), сонымен қатар қабылдау, санадағы бейнелер, есте қалғандар, зейін/назар және тану/білу секілді үдерістер жатады. Сонымен, когниция – әрқайсысы белгілі когнитивті қабілетпен байланысты әртүрлі үдерістерге бөлінеді, ал олардың бірі сөйлеу қабілеті болып табылады. Демек, когниция – қоршаған ортаны қабылдау да, бақылау және категоризация да, ойлау мен сөйлеу, қиялдау және т.б. психикалық үдерістер жиынтығы [1, 41 б.].

Менталдылық термині менталитет терминінен өзгеше. *Менталдылық* (лат. *mentalis* – саналы, рухани < *mens* – ой, ақыл) дегеніміз – этномәдени, қоғамдық дағдылардың, рухани қағидалардың, стереотиптердің жиынтығы. Тілді пайдаланушылардың ойын, ерік-жігерін, сезмін жеткізетін белгі ретінде менталдылық тілде, оның тереңнен бастау алатын өзгерістерінде жүзеге асырылады. Кейде менталдылық бейсаналық немесе санадан үстем құбылыс деп саналады. Ал *менталитет* (лат. *mentalis* –

саналы, рухани < *mens* – ой, ақыл) ағыл. *Mentality* – адамдардың әлеуметтік ортаның, ұлттық дәстүрлерінің ықпалына байланысты қалыптасқан жеке-дара және қоғамдық сананың, олардың өмірлік ұстанымдарының, мәдениетінің, мінез-кұлқының аса айрықша ерекшеліктері; ақыл-ойдың көрінісі, дүниетаным. Тілге қатысты этникалық немесе ұлттық, мәдени менталитет зерделенеді. Тіл ақиқат дүниені менталды құрылымдау және нақтылау қызметін атқарады, әрбір тілде менталитет пен *менталдылық* түйісіп отырады [2, 169 б.].

Адамның менталды қызметінің нәтижесінің бірі ретінде аббревиация үдерісі де жатады, өйткені уақыт өткен сайын танымдық табиғат өзгереді. Бұл класс уникалды болып табылады. Олар тілде тарихи дамудың нәтижесі ретінде табиғи жолмен емес, адаммен коммуникативті мақсаттар үшін жасанды түрде пайда болған сөзжасамдар.

Аббревиацияның ерекше лингвистикалық құбылыс ретінде табиғаты мен болмысы, қысқарған сөздердің экстралингвистикалық және интралингвистикалық факторлары, классификациясы (В. Лейчик, Н. Клименко, Д. Алексеев, И. Арнольд, Д. Уилтон, А.М. Селишев; отандық тіл білімінде қарастырғандар Н.М. Алдашев, Е.А. Журавлева, Ш. Құрманбайұлы, т.б.) секілді негізгі мәселелерін қоса, кешенді түрде жеткілікті зерттелгеніне қарамастан, – оны психоллингвистикалық тұрғыдан қарастыру әлі де арнайы зерттеудің мәселесі бола қойған жоқ. *Аббревиация* – сөзжасамның ерекше бір түрі, сөз тіркестерінің басқы элементтері (Әріп, Сөйлеу дыбыстары, Буын, Негіз) арқылы жасалатын қысқа құрылымдар [3, 18 б.].

Қысқарған сөздерді дыбыстық және графикалық сипаты бойынша аббревиатуралар және акронимдер деп бөледі. *Аббревиатура* – (лат. *ab* – бөліну, жарылу + *brevis* – қысқа) ағыл. *abbreviation, acronym* – қысқарған сөздер, сөз тіркестерінің бастапқы элементтерінен не сегменттерінен қысқартылып жасалған сөз. Мысалы, Phd – Doctor of Philosophy, КТК – Коммерческий телевизионный канал, СЭС – су электр стансасы [3, 18 б.]. *Акроним* (грек. ἄκρος, акрос – "ең жоғарғы" + ὄνομα, онома – «аталуы») – олар аббревиатураларға (оқылатын, айтылатын және әріптермен қабылданатын) қарағанда лексикалық бірлік сияқты оқылады және қабылданады. Мысалы, *radar* (Radio Detection and Ranging – радиожабдықтау және арақашықтығын анықтау), *laser* (Light Amplification by Stimulated Emission of Radiation – оптикалық квантты генератор) [9, 79 б.].

Дегенмен, дәл осы мәселе лингвистикалық құбылысты сипаттау кезінде бірінші алға шығады, өйткені адам санасында лексикалық құрылымдарды үлгілеу кезінде қолдана алатын үлкен шығармашылық потенциал жатыр. Адамда бар бейнелердің шығармашылық өзгеру әдістері мен механизмдерін айқындау және осы қайта өңдеудің негізінде қысқарған сөздер түрінде жаңа бейнелерді құру, аббревиатуралы модельдердің құрылымдық және функционалды ала-құлалығының шеттеуіне, аббревиатуралар қабылдануының кейбір инерттілігін меңгеруге және тілдік лакуналарды толықтыруға көмектеседі.

Л.Ф. Каховскаяның пікірінше, аббревиатуралар коммуникация үдерісін оңтайландыратын тілдік бірлік болып табылады. Олар нысандар және шынайы құбылыстардың дербес атауы бола алатын өзіндік сөздер болып табылады және адами қарым-қатынастың құралдарының бірі ретінде қолданылады. Аббревиатуралардың семантикалық күрделілігі шартты, бір жағынан нысаның әртүрлі қасиеті мен сипаты арақатынасымен семантикалық дифференциалды белгілерінің жиынтығымен; екінші жағынан, лингвистикалық және лингвистикалық емес факторларының әсерінен сөз мазмұнының жоспары қалыптасады. Сонымен, аббревиатуралы сөз семантикалық, синтагматикалық, синтаксикалық және прагматикалық ықпалдын/әсерінің элементтері бар сөз болып табылады [4, 20 б.]. Адам қызметінің тілдік шығармашылығы ретінде, сөзжасамның бұл түрі – сөз өндірудің мезгілді актісі нәтижесінде, атауының буындануының негізінде жаңа дыбыстық және графикалық қабатты тілдік бірлік құрылады, ал ол шындықты белсенді бейнелі қабылдаумен тығыз байланысты. Бірақ құралған барлық тілдік бірліктер жалпы қолданыстағы дербес аббревиатура бола бермейді. Олардың кейбіреуі естен шығып, қолданысқа енбей қалады, ал басқалары образды және вербалды жүйелерінің бір-біріне өнімді өзара әсерінен белгілі бейімделу кезеңін басынан өткереді. Аббревиатураладың көпшілігі рационалды лексикалық бірлік ретінде қарастырылады. Оның құрылымында ұтымдылық жатыр, олар – ықшамдылық, үнемділік, семантикалық сыйымдылық және ақпараттылық.

Сөйлеуші коммуникация кезінде өзіне белгілі ережелер және нормалар бойынша, коммуникативті бірліктердің материалды қабатын қысқарту арқылы бір мезгілде айтушыдан тыңдаушыға түсінікті болу қажет ақпарат түсімінің жылдамдығын және мөлшерін сол арқылы ұлғайтады, яғни қысқарған сөздер – көпшілік

қауымға ақпаратты жан-жақты, мол көлемде жеткізуге зор рөл атқаратын, коммуникативтік қызметке аса қажетті тілдік элементтердің бірі. Олардың көмегі арқылы жазбаша немесе ауызша жеткізілетін хабар-мағлұматты тиянақты ықшам түрде, оқырманның (тыңдарманның) санасына кедергісіз жеткізуге жан-жақты мүмкіндік туады.

Белгілі сөз тіркестері мөлшерінің бір қысқарған сөзде ақпараттық сығылу және шоғырлану тенденциясы жалпытілдік және тілдік үнемділік қағидасы іс-әрекеті айғағы бола алады. *Тілдік үнемдік* (языковая экономия) – тілдердің барлығына тән құбылыс. Өйткені бірнеше компоненттерден тұратын күрделі атаудың ықшамдалған баламасын жасау функционалдық стильдердің барлығына да тиімді әдістердің бірі. Сондықтан да ықшамдалған тіркестер, қысқарымдар тіл айналымында үнемдеу құралы ретінде танылады, тіпті түсініксіз қысқартулардың өзін пайдаланудан функционалдық стильдер бас тартпайды. Жалпы, тілдік үнемдік – ойды, пікірді толыққанды жеткізу принципіне (принцип избыточности) қарама-қарсы құбылыс [5, 11 б.]. Сонымен, аббревиация тілдік үнемдік принципінің таралуының түрі, ал адресант көпкомпонентті номинативті бірліктерді үлгілеуге және универбацияға қатысушы болады. Ақпарат беруші және ақпарат қабылдаушы коммуникация үдерісін қолдау үшін тілдік үнемдеудің жалпы қағидалары жөнінде таныс және бұл тілдік таңбаларды белсенді қолдануға психологиялық тұрғыдан дайын болу қажет, ал бұл коммуникация үдерісінде аббревиатураларды ұқсастыруда (идентификация) белгілі кедергілерді алып тастауға көмектеседі.

Л.Ф. Каховскаяның пікіріне қайта сүйенетін болсақ, аббревиатуралардың құрылуы, тілдік бірліктің мәнін шығару кезінде компоненті ретінде қажетті, тілдік жағдайдың белгілі мазмұнды контекстінің болуын керек етеді. Оларды қолданған кезде өткен тәжірибенің элементтері және іске асыру (реализация) үшін белгілі контекстік шарттар болмаса аббревиатуралардың өздерінде бар мән болмас еді [6, 37 б.].

Аббревиатуралардың пайда болуы және олардың белсенді түрде қолданылуы, сөздің дыбысталып бітуі аяқталғанша актуализациялану мүмкіндігімен байланысты, яғни жалпы мазмұнын түсіну үшін ешқандай маңызды залалсыз мәліметті қысқарту. Ауызша үзінділердің жоғары жиілікті базасында пайда болатын аббревиатуралар, мәлімет ядросы болып табылады.

Сөйлеушінің қысқарған сөздерді қолдануы белгілі контексті ғана емес, сонымен қатар субъекттің коммуникативті ниетін жорамалдайды. Аббревиатуралар мәні оның айтылуының басталуымен ғана іске асырылмайды, коммуникативтік актісі қатысушыларының бастапқы лингвистикалық және ғылыми тәжірибесі қысқарған сөздер мәнінің актуализацияға ұшырауына себепші болады [4, 8 б.]. Коммуникацияға қатысушылар коммуникация үдерісі аяғына дейін айтылып бітпеген сөзді контекстік байланыстардың, қолданылып жатқан сөздердің ассоциативті өрісінің, аббревиатуралардың фонеморфологиялық нұсқаларын құруға мүмкіндік беретін тілдік жағдайлар арқасында алдын ала білу немесе мәнін бағдарлай алу мүмкіндігіне ие. Коммуникацияға қатысушылар тілі әрекетінің мәдени компоненті жоғары болған сайын, аббревиатуралар нұсқаларын құруда пайда болатын ассоциативті байланыстар анығырақ болады, ал бұл пайда болған аббревиатуралардың ұзағырақ қызмет атқаруына мүмкіндік береді.

Т.Б. Ключаеваның ізімен, аббревиатураның құрылымдық белгісі – даму үдерісінде пайда болатын белгі. Тілде қызмет атқаратын аббревиатуралар өз құрылымы бойынша біркелкі емес. Аббревиатура өзінің құрылымы бойынша дербес сөзге жақын болған сайын, бастапқы кең түрдегі сөз тіркесімен оның байланысы әлсірей бастайды [7, 61 б.], сөйлеуші мен тыңдаушылармен тұтас бір сөз секілді қабылданады, өйткені ол сөйлеушінің сана-сезімінде актуализацияға ұшыраған түсініктің тізбектелген нәтижесін құратын тура немесе жанама түрде таныс сөздің құрылымын еске салады. Құрамында әдетте қайталанатын формалды идентификатор бар және белгілі тұрақты мәні/мағынасы бар таныс аббревиатура үлгілері (ҰУ – ұлттық университет ҚазҰУ, ҚазҰТУ құрылымында) тілде тез бейімделеді. Бұл үзінділер тақырыптық қатарлардың бірінен кейін бірі тізбекті құрылуында да қарастырылады (АЭС – ЧАЭС, БАЭС; АЗ – ВАЗ, КАМАЗ, БелАЗ, ГАЗ), осы сөздің белгілі семантикалық айналасына қосымша жүктеме алып келеді және оның семантикасының құрылуында қатысады. БАҚ, АҚ, ҚҰБ, АХАЖ типіндегі аббревиатуралар өзінің құрылымының салдарынан ұнамды қабылданатыны белгіленген, өйткені оларда дыбыс үндестігінің болуының себебінен үйреншікті әдеттегі сөздермен ассоциацияланады. Нормалар мен құрылымдық ережелерге бағынбайтын аббревиатуралар сөйлеуде төмен рецептивті және төмен

актуалды болатыны белгілі, осының себебінен коммуникация үдерісінде оның әрі қарайғы кең жайылуына кері әсерін тигізеді. Бейімділік дәрежесі болған сайын, коммуникация үдерісінде соншалықты кең таралады.

Аббревиатураларды құру кезінде құрылып жатқан лексикалық бірліктердің эвфоникалығын ескеру қажет. Инициалды аббревиатуралар, әсіресе әріпті нұсқалар математикалық формулалар және кодты белгілер секілді қабылданатыны белгіленген (олардың кейбіреулері ғана узуалды болады), мысалы, БЦЖ вакцинасы, ДНК, ПДК (т.б. мысалдар). Осылай, берілген тілге тән емес дыбыстық комбинациялар, аббревиатураның бейімделуіне себебін тигізбейді және керісінше, үйреншікті фонетикалық кешеннің болуы аббревиатураның әрі қарайғы дамуындағы ұнамды ақиқат болып табылады (мына ОАӨАҰО (*Орталық Азиядағы өңірлік ақпараттық үйлестіру орталығы*), ҚҚХҚИ (*Қазақ құқықтану және халықаралық қатынастар институты*), МББҚБА және ҚДИ (*Мемлекеттік және білім беру қызметкерлерінің біліктілігін арттыру және қайта даярлау институты*) және ҚҰБ (*Қазақстан Ұлттық Банкі*), ЕКПА (*Еуропа Кеңесі Парламенттік Ассамблеясы*), ҚазТАГ (*Қазақ телеграф агенттігі*) аббревиатуралардың дыбыстық комбинацияларын салыстырыңыз).

Қандай болсын пайда болып жатқан қысқарған сөздер бір орында тұрып қалмайды, ол бастапқы формасымен (немесе нұсқасымен) арақатынасты ескере отырып дамуда, динамикада қарастырылады, өйткені оның белгілі ортада тілдік бейімделуі динамикада іске асады. *Тілдік бейімделу* (ағыл. *language adaptation*) – тілді пайдаланушылардың саналы түрде (жоспарлы түрде) негізделген тілдік немесе коммуникативті жаңа қолданыстарды қабылдау үдерісі [2, 209 б.].

В.Н. Шевчук аббревиатураның пайда болу және орнығу, бейімделу үдерісінде келесі кезеңдерді ерекшеледі: «Бірінші кезең (алғашқы кезең) – аббревиатура кеңтүрдегі сөз тіркесі базасында құрылады және белгі ретінде контекстсіз ол түсініксіз, сол сөз тіркесінің фонында ғана қабылданады. Бұл кезеңде оның құрылымының қалыптасуы ғана жүзеге асады, ол әлі лексикалық тұрақты бола қоймайды. Екінші кезеңде аббревиатура алғашқы аталымымен ассоциацияланады, яғни екінші орында және оған әлі контекстте кездесуін қажет етеді. Қысқарған күйінде қолданыла бастауында таныс бола бастайды, ал бұл сөйлеуде әрі қарай орын алуына мүмкіндік береді. Дегенмен, әлі де болса аббревиатураның кең түрдегі түрі басым келеді.

Бұл кезеңде аббревиатуралар фонетикалық және графикалық өзгеріске ұшырауда берілген аббревиатураның жаңа нұсқалары пайда болады, яғни жаңа лексикалық бірліктің онтайлы формасы ізденіске түседі. Үшінші кезеңде аббревиатура лексикалық тұрақты, толық атауына қатысты синонимді бола алады, кең қолданыла бастайды, онда толық сөздегідей грамматикалық және синтаксикалық белгілері пайда болады. Соңғы (төртінші) кезеңде аббревиатура айтушының санасында бастапқы сөзтіркесімен байланысын жоғалтып, тұтас және бөлінбей қабылданады, жалпыға белгілі негізгі нұсқа бола бастайды, ал көпкомпонентті сөз тіркесі синониміне айнала бастайды» [8, 126 б.].

Аббревиатуралардың барлығы төрт кезеңді басынан өткере бермейді және барлық қысқарған сөздерде тұрақты характер бола бермейді. Кейбіреулері бірінші екі кезеңде, айтушылармен аббревиатураның нормативті бағасына байланысты және тілді тұтынушылармен позитивті қабылдауына байланысты факультативті болып қалып қояды.

Кейде олар күнделікті, белгілі бір жерде айтыла немесе адамдар ести бергендіктен бейсаналық немесе санадан үстем жолмен де қоршаған ортаға бейімделеді. *Бейсаналық* (ағылш. *subconsciousness*) – санадан тыс меңгерілетін психологиялық процестер. Бұл терминді ғылымға 1889 жылы Пьер Жане енгізді [10].

Сонымен, аббревиация үдерісі, ойды жеткізудің тұрақты әдісі ретінде жалпы қоғамдық қолдау тауып, сөзжасамның стихиялы әдісінен лингвокреативті характердің саналы үдерісіне айналады. Қазіргі кезде аббревиатуралар ақпаратты жинақтау және конденсациялау арқылы тілдің коммуникативті функциясының дамуына қатысатын тілдік бірліктер болып табылады. Уақыт аббревиатуралардың коммуникацияға қажеттілігін растады, және қазіргі кезде коммуникативті мақсатта аббревиатураларды қолдану фактісі жөнінде ешкім сөз қылмай, керісінше, олардың кейбіреулерінде үндестік заңының сақталмауына және т.б. жөнінде ғана дауласады.

Қазіргі лингвистикалық тәжірибенің көрсетуі бойынша аббревиатуралардың формалары және құрылымдарын жетілдіру, социомәдени және т.б. факторларының рөлін көтеру арқылы ғана өз позицияларын бекіте, нығайта алады.

1. Когнитивная лингвистика: учеб. пособие / В.А. Маслова. – 3-е изд., перераб. и доп. – Минск: Тетра-Системс, 2008. – 272 б.

2. Сүлейменова Э.Д. Әлеуметтік лингвистика терминдерінің сөздігі. Словарь социолингвистических терминов /

Сүлейменова Э.Д., Шәймерденова Н.Ж., Смағұлова Ж.С., Ақанова Д.Х. – Астана: «Арман-ПВ» баспасы, 2008. – 392б.

3. Тіл білімі сөздігі. Словарь по языкознанию. Под общей ред. проф. Э.Д. Сулейменовой. – Алматы: «Ғылым», 1998. – 544 б.

4. Каховская Л.Ф. Аббревиация как способ словообразования. Автореф. дис... канд. филол. н. – Минск, 1980. – 24 б.

5. Лейчик В.М. Люди и слова. – М.: «Наука», 1982. – 55 б.

6. Каховская Л.Ф. Аббревиация и асимметрия языкового знака во времени // Новое в лексике русского языка. – Куйбышев, 1983. – 33-42 бб.

7. Ключева Т.Б. Термины-словосочетания и соотносимые с ними инициальные лексические аббревиатуры // Функционально-семантические и стилистические исследова-

ования французского языка. Сб. научн. трудов МГИИЯ им. М. Горького, 1988. – Вып. 316. – 52-69 бб.

8. Шевчук В.Н. Относительно статуса аббревиатур в английском языке и их перевода на русский язык (на материале американских военных сокращений) // Система языка и перевод. – МГУ, 1983. – 120-130 бб.

9. Арбекова Т.И. Лексикология английского языка. – М., 2002. – 109 б.

10. <http://ru.wikipedia.org/wiki/>

В данной статье рассматривается процесс аббревиации в соотношении с ментальными процессами в сознании человека.

This article describes the process of abbreviation in relation to the mental processes of human consciousness.

Н. А. Утемғалиева

АНАЛИЗ СОДЕРЖАТЕЛЬНОЙ СТРУКТУРЫ НАИМЕНОВАНИЙ ГОЛОВНЫХ УБОРОВ В АНГЛИЙСКОМ И КАЗАХСКОМ ЯЗЫКАХ

Вопрос анализа содержательной структуры наименований головных уборов в английском и казахском языках привлекает внимание многих лингвистов. Это связано, прежде всего, с тем, что именно в сфере семантики, в частности лексической семантики, типология добилась гораздо более скромных результатов, чем в любой другой сфере. В настоящее время существуют работы, посвященные описанию групп лексических единиц - семантических полей, как в отдельных языках, так и в рамках типологических исследований, которые охватывают наименования конкретных объектов и абстрактных категорий и многие ученые-лингвисты полагают, что проблема создания лексико-семантической типологии входит в ряд первостепенных задач. Вместе с тем, отсутствуют типологические исследования по сопоставлению целых пластов лексики на материале разнообразных языков, что свидетельствует об определенных трудностях общетеоретического и практического характера, возникающих в подобных изысканиях.

Цель лингвистической типологии состоит в системном изучении межъязыкового варьирования. Вместе с тем, варьирование предполагает сходство, следовательно, изучение индивидуальных черт языков (языковых уникалий) не может осуществляться без изучения языковых универсалий, то есть явлений, характеризующих все или большинство мировых языков. Таким образом, лингвистическая типология есть

системное изучение языковых уникалий и межъязыковых универсалий.

Установление общих и индивидуальных черт языков позволяет увидеть, как в языке выражается категория, имеющая общечеловеческий характер и увидеть, что превалирует - межъязыковое сходство или межъязыковое различие, при этом устанавливаются признаки, характеризующие лексикон любого языка, для типологии лексико-семантических систем по совокупности выделенных черт. Таким образом, стратегическая цель состоит в выявлении универсальных свойств (универсалий), существующих в лексико-семантических системах различных языков. Если существование универсалий объясняется общим устройством перцептивно-когнитивного аппарата человека, то возникает вопрос, почему, несмотря на общие ментальные категории, языки различаются не только внешне, что самоочевидно, но своим внутренним содержанием, насколько глубоко внутреннее различие в языковом содержании и как это различие влияет на мышление.

Цель данного исследования заключается в нахождении изоморфических и алломорфических свойств в эквивалентных лексических группах и дальнейшем установлении прототипических категорий, объединяющих наименование головных уборов в языках сопоставления и обобщении полученных данных в языках сопоставления. Для этого были использованы: описательный метод, сравнительный (типоло-